

1. Абай. Энциклопедия. Алматы. «Атамұра». 1995.
2. Алтынсарин И. Собр. соч. в трех томах – Т. Iю- Алма-Ата, 1975.
3. Аль-Фараби Математические трактаты Алма-Ата, 1972.
4. Аль-Фараби Естественно-научные трактаты Алма-Ата, 1987.
5. Аль-Фараби Философские трактаты Алма-Ата, 1970.
6. Антология педагогической мысли Казахстана. /Сост. К.Б. Жарикбаев, С.К. Калиев. Алма-Ата, 1995.
7. Асорендияров С.Д. История Казахстана – Алматы, 1993.
8. Бержанов К.Б. Русско-казахское содружество в развитии просвещения. Алма-Ата, 1973.
9. Волков Г.Н. Этнопедагогика. Учебник для студентов средних и высших педагогических заведений. М., 1999.
10. Возвращение учителя: О жизни и творчестве Фараби. Алма-Ата, 1973.
11. Джурицкий А.Н. Зарубежная школа: современное состояние и тенденции развития. М., 1993.
12. Джурицкий А.Н. История педагогики. М., 2000.

\*\*\*

*Мақалада XIXғ. ортасы мен XXғ. алғашқы жылдарында Батыс Қазақстандағы білім беру жүйесі дамуының кейбір ерекшеліктері қарастырылған.*

\*\*\*

*In this statement distinguished few specifics of the development systems from middle of XIX century till beginning XX century in Western Kazakhstan region.*

ӘОЖ 378:001.895

*Исмагулова Ж.С.  
магистр, оқытушы, М. Өтемісов атындағы БҚМУ*

### **КУРАТОР ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ТҰЛҒАҒА БАҒДАРЛЫ ТҰРҒЫ**

Дәстүрлі түрде академиялық студенттер тобының кураторының қызмет аясына: ЖОО студенттерінің оқу үрдісіндегі сұрақтарын шешу, оқудан тыс жұмыстар, жеке мәселелер, топтағы тұлғааралық қарым-қатынас, студенттердің әлеуметтік мәнді және қоғамдық қызметке енуіне қатысты сұрақтар қамтылады.

Қазақстандағы жоғарғы мектептің өзгерген жағдайында оқытушының қызметі жаңа мазмұнмен толығып жатыр, жаңа рөлдер, мысалы академиялық кеңесші (нақты студенттің оқу үрдісін ұйымдастырушы біршама құзыретті оқытушылардың ішінен таңдалады, студенттің жеке білім траекториясын анықтауға көмектеседі және оқытудың ең жоғарғы нәтижесін алуды қамтамасыз етуге бағытталған), тьютор (оқытушы-кеңесші), білім беру бағдарламасының кураторы енгізілуде.

Білім беру үрдісіндегі кураторлар оқу курстарының сабақтастығын қамтамасыз етеді және студенттердің оқу пәндерін игеруі және практикалық қызметті игеруге, курстық және дипломдық жұмыстарға даярлауға «қызмет» етуін қадағалайды.

Осылайша, академиялық кеңесшінің, тьютор, білім беру бағдарламасының кураторы білім сапасын жоғарылатуға бағытталады.

Болондық жағдайға байланысты оқытушының жаңа рөлдерінің пайда болуы студенттер қоғамындағы куратордың қызметі, мақсаттары, мазмұны және формаларын қайта қарастыруды талап етіп отыр. Білім берудегі өзгерістерге сәйкес кураторлар институты өзгеріске ұшырауда. Қалыптасқан көзқарас бойынша

кураторға 1-2 курс студенттерінің топ жетекшісі ретінде қараудан алшақтап, барлық курстарда да куратор қызметінің маңызын баса көрсеткен жөн. Өйткені әр түрлі мәселелер бойынша бастапқы курстарда да, соңғы курстарда да мәселелер туындауы мүмкін. Егер бірінші курста, ЖОО бейімделумен, жеке білім траекториясын таңдаумен қиындықтар болса, жоғарғы курста практикадан өтуде, жұмысқа байланысты қиындықтар болады.

Куратордың позициясы курс деңгейіне сай белгілі бір өзгерістерге ұшырап отырады. Студенттік өзін-өзі басқару және белсендендіру деңгейіне сәйкес және басқа да студенттер қоғамдастығындағы куратор рөлі ең алдымен студенттердің инициативасын қолдау. Студенттермен өзара әрекеттесушілерге талаптың өзгеруіне сәйкес, ЖОО тәрбиенің қазіргі міндеттері шешілуде өмірдің жаңа атмосферасы қалыптасады, әлеуметтік мәдени білім беру кеңістігін қалыптастырады [1].

Мәселен, Американдық жоғары білім беру жүйесінде студенттердің өз таланттарын дамыту мен мәдени деңгейін көтеруге тікелей қызығушылығын тудыруға жағдай жасалады. Университеттік музыкалық ансамбльге, хорға, музыка сабақтарына, үйірме жұмыстарына қатысу, арнайы циклда құрылған көркем фильмдерді көруге кинотеатрға бару (әдетте классикалық шығармаларды көру) - мұның барлығы оқу үрдісінде ескерілуі мүмкін. Оқу үрдісінің тәрбие жұмысымен интеграциясының тағы бір үрдісі, өте кең тарап жатқан білім әдістемесі «қоғамға қызмет етуге» негізделген. «Қоғамға қызмет ету» - ол университеттегі оқу үрдісіне ене алатын негізгі құндылық. Сабақтан тыс жұмыста волонтерлық бағдарламалар интенсивті дамуда, студенттер ұйымдарындағы волонтерлық бағдарлама үлкен қолдауға ие. Оқу үрдісіне «қайтарымсыз еңбек» түрлері белсенді еніп, оған студенттер де үлкен қызығушылық танытуда. Бұл қандай да бір мамандықты жақсырақ түсінуге, зерттеуге мүмкіндік береді. «Қызмет көрсету арқылы оқыту» (service-learning) білім әдістемесін әртүрлі пән мұғалімдері қолдануда. Оның мәні пәнді игерудің барлық кезеңінде нақты мекемеде практикамен үйлесімде білім беру үрдісі.

Соңғы жылдары көшбасшылық бағдарламасы да кең тарап отыр. Көшбасшылықты, көшбасшылық қасиеттерді дамыту АҚШ жоғарғы мектебінің негізгі міндеті ретінде қарастырылады. Зерттеулер сабақтан тыс, қоғамдық жұмыстар жас адамның көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыруға тиімді жағдай жасайтынын көрсетіп отыр. Бұл жағдайда көшбасшылық әлеуметтік белсенділікті немесе белсенді өмірлік позицияны білдіреді. Ең алдымен жас маманның мұндай позицияда болуына біздің жұмыс берушілеріміз қызығушылық танытуда. Көшбасшылық қандай да бір жаңа ойлардың, жаңа тұрғының, батыл шешімдердің кепілі іспеттес, бұл әдетте экономиканың дамуын қамтамасыз етіп отырады. Сондықтан да АҚШ университеттері мен колледждерінде көшбасшылық бағдарламасын жүзеге асырып жатырған арнайы бөлімдер бар. Олар тұлға үш негізгі сапаға ие болуы қажет деп санайды. Олар – белсенді өмірлік позиция, адамгершілік және қоғамға қызмет ету қалауы.

Университет өмірі студенттер ұйымдарының мерекелерімен және әртүрлі шараларымен толыққан, оны студенттердің қоғамдық ұйымдарының өкілдері ұйымдастырады (Student Activity Board). Мысалы Солтүстік Каролина университетінде 300 қоғамдық ұйым тіркелген, оның қызметіне 3000-дай студенттер тартылған. Олар арнайы ұйыммен тіркеліп, өз қызметі үшін мүмкіндік алады. Оның ішінде қандай шараны, қай кезеңде өткізу, т.б. Сонымен қатар тіркелген әр қоғамдық ұйым қаржылық және ұйымдастырушылық көмек ала алады. Студенттердің қоғамдық ұйымының өкілдері өз миссияларына сәйкес көшбасшылықты, мәдени әртүрлілікті, сыни ойлауды, шығармашылықты, әлеуметтік өзара әрекетті және қоғамға қызмет ету үшін инновациялық қызметті ендіруді қарастырады.

Куратор да, студенттер де өзара әрекеттесу барысында өткен замандағы өз құндылықтарын жаңа заманның құндылықтарымен салыстыра қарайды және

құндылық бағдарын айқындап, практикалық бағдарын игереді, оны игерудің дағдысын игереді. Бұл білім беру үрдісіне қатысушылардың әрқайсысының тұлғалық өсуі мен әлеуметтік дамуына алып келеді. Өз қызметінде куратор мемлекеттің білім беру стандарттары мен оқу бағдарламаларына сүйенеді және олардың талаптарын ескереді [2].

Бұл моделдің жүзеге асуының принциптері:

- Жетекші қызмет принципі (кураторлық қызмет ретінде);
- Ізгіліктік принципі, қарым-қатынас және кешендік тұрғы принципі (кураторлық өзара әрекет ретінде);
- Жүйелілік принципі жеке дара ерекшеліктерін ескеру, жақын даму аймағына бағдарлану, келісімнің бірлігі және сабақтастық (кураторлық педагогикалық әсер ретінде);
- Мақсаттылық принципі, объективтік принципі, кәсіби мобильділік принципі, детерминация принципі, өзін-өзі дамыту принципі, толықтық пен үздіксіздікті қамтамасыз ету принципі (кураторлық кәсіби шеберліктің қалыптасуы ретінде).

Бүгінгі білім беру тұлғаның еркін дамуына сүйене отырып оның бәсекеге қабілетті болуына жағдай жасауға, кәсіби және әлеуметтік мобильділікті қамтамасыз етуге, қоғамның мамандар элитасын қалыптастыруға бағытталған.

Кураторлық қызметтің осы мақсаттарға сәйкес ұжымның қалыптасуы, студенттердің кәсіби қасиеттерінің қалыптасуы, өйткені ұжымда ғана жеке тұлғаның ішкі күштері мен қабілеттері дамуына, жүзеге асуына жағдай жасалады (коммуникативтік, ұйымдастырушылық, талдаушылық). Бұл жұмыстың белсенді формаларын қолданғанда ғана мүмкін: тренингтік сабақтар, іскерлік ойындар, топтық пікірталастар.

Куратор жоспарлау қызметін атқаратындықтан бұл үшін ұтымды педагогикалық әсер етудің тәсілдерді, әдістерді, формаларды және құралдарды таңдап аламыз. Мысалы, ұжымның бірігуі үшін топтық жұмыс формаларын, ал оқудағы қиындықтарды женуде жекелік тәсілдерді қолданған жөн [3].

Студенттердің кәсіби маңызды сапаларын қалыптастыру үшін куратор студенттерге олардың оқу қызметін (танымдық, шығармашылық) көмектесуі қажет, студенттерді мақсат қоюға, өз іс-әрекетін жоспарлауға, оны жүзеге асырудың жолдары мен тәсілдерін таңдауға көмектесуі қажет. Сонымен қатар, ұжымның алғашқы кезеңдерінде куратор өзі шаралар мен іскерлік ойындарды ұйымдастырады, біртіндеп бұл іске ол белсенді студенттерді тартады, ал оқу жылының аяғына қарай жауапты тапсырмаларды бере алады. Бұл арқылы куратор студенттерде мақсатқа ұмтылушылық, қарым-қатынасқа түсуді, өзбеттілікті, белсенділік, ұйымдастырушылық, тәртіптілік, өзара көмек қасиеттерінің қалыптасуына көмектеседі.

Куратор студенттердің психологиялық ерекшеліктерін зерттей отырып, мінез-құлқтың және қызметтің басты түрткісін жеке студенттер бойынша және шағын топтар бойынша анықтайды. Бұл студенттермен қолайлы қарым-қатынас орната отырып, олардың өзін-өзі жүзеге асыруына мүмкіндік береді.

Куратор қойылған мақсатқа сай нәтижені бақылайды және бағалайды, жасалған жұмыстардың сәттілік себептерін, теріс болған сәттерді талдайды, бастапқы міндеттерге түзетулер енгізеді. Осылайша өзінің және студенттердің қызметін басқарады.

Кураторлық қызметтің ерекшелігі куратор бір мезгілде қызметтің субъектісі және объектісі. Бұл сізге өзіңіздің алдыңызға жеке мақсаттар қоюға мүмкіндік береді және оны қызмет барысында қол жеткізуге болады. Бұл мақсаттар педагогикалық және басқарушылық қабілеттердің қалыптасуымен байланысты. Бастапқы кезде бұл шағын міндеттерден тұрса, мәселен студенттермен қолайлы қарым-қатынас орната білу. Кейіннен ол ауқымдала бермек.

Оқытушы өз алдына қандай да болмасын міндеттерді анықтамастан бұрын студенттермен өзара әрекеттесу принциптерін таңдап алу қажет. Бұл принциптерге

төмендегілерді жатқызуға болады: студенттер сіздің мінез-құлқыңыздан алдымен досты, сосын барып басқарушыны көретіндей етіп өзінді ұстау, мадақтау мен жазалауды ұтымды қолдану, әр студентке жеке тұрғыны табу, студенттің тұрмыстық және оқу мәселелерін шешуге көмектесу, студенттердің қызығушылығымен өмір сүру, қазіргі заманға сай және жақсы көріну. Бұл принциптер педагогикалық өзара әрекеттесуді сәтті жүзеге асыруға көмектеседі.

Тәрбие жұмысымен айналысатын маманның өз ісіне ең алдымен өзі сенгені дұрыс, студенттерді жақсы көріп, олардың әрқайсысында тұлғаны сыйлап және олардың әрқайсысының жетілуіне көмектесе сенуі қажет. Психологиялық тұрғыдан біз өзімізге симпатия тудыратын, бір қырымен өзімізге жақын тұлғаларға тартыламыз. Жалпы тұлғада бізге көп адамдарға ұнайтын қасиеттер қызығушылық тудырады: қайырымдылық, әділеттілік, жауапкершілік, өзбеттілік, көмектесуге даярлық, т.б.

Қорыта келгенде, куратор жұмысы БҚМУ миссиясына сәйкес нарықтық экономика жағдайында жан-жақты үйлесімді дамыған, топта жұмыс жасай алатын және бәсекеге қабілетті маман тұлғаны қалыптастыруға бағытталған.

Алайда, Болон үрдісіне қатысу қазіргі студент психологиясына байланысты белгілі бір қиындықтар тудырып отыр. Оның ішінде кредиттік жүйеге ауысу, өзбетті пәндерді таңдау мүмкіндігін беріп отыр. Бұл студенттің өзі оқу үшін өзбеттілігін және жауапкершілігін қажет етеді. Егер батыстық жүйеде студенттің мамандық таңдауына жауапты қарым-қатынасы қалыптасқан болса, қазіргі қазақстандық жағдайда мұндай жағдай әлі күнге жоқ. Қазақстандық студенттер өздерінің болашақ жұмыс орындарын толық елестете алмайды, сұранысқа сай пәндердің қажеттілігін де айыра бермейді. Бұл жағдайда шешуші рөлді кураторлар атқарады. Алайда куратор қызметі енді қалыптасып жатқан кредиттік жүйеде тәрбие жұмысының өзіндік орнын бекітсе ғана тиімді болмақ.

Демократиялық бастамалармен жас ұрпақты тәрбиелеу арқылы демократиялық қоғамның әлеуметтік негізін, демократиялық бостандықты жасауға болады. Қазақстан қоғам өмірінің барлық сферасында демократиялық түрленудің жүруі тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруының барлық деңгейінде өмірлік қызығушылықтарын қалыптастыруды өзінің мақсаты етіп көреді. Қызметтің тиімді жүруі үшін студент жастардың сәттілікке, әлеуметтік белсенділікке бағдарлануы өте маңызды болып табылады. Сәттілікке, жеңіске жетуге бағдарланған стратегиялық бағдар нақты мақсаттармен байланысты, ол қызметтің мағынасын құрайды. Студенттер арасында жүргізілген әлеуметтік сауалнамада карьералық өсумен қатар студенттердің аз ғана бөлігі жоғары мәдениетті адам болуға өз қалауларын білдірген. Міне, сондықтан да ЖОО студенттердің рухани және мәдени құндылықтың мәнділігін сезінуге және мұны мақсатты түрде игеруге жағдай жасау үшін тиімді формалар мен әдістерді іздестіріп және жүзеге асыру керек.

Осылайша әлемдік білім кеңістігінде интеграция міндеттерін шешу жағдайында ЖОО тәрбие жұмысының өзектілігі мен мәнділігі азаймай көбейсін деп отыр.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. *Педагогика и психология высшей школы: учеб. пособие / отв. ред. М.В. Буланова-Гопоркова. – Ростов-н/Д.: Феникс, 2002. – 544 с.*
2. *Богданова Р.У. Многовариантный институт кураторства в вузе: учеб. - метод. пособие №32. – СПб.: Изд-во «Автономная некоммерческая организация «Центр информатизации образования «КИО», 2007. – 104 с.*
3. *Винниченко Н.Л. Педагогические аспекты воспитательной деятельности куратора: учеб.-метод. пособие. – Томск: Изд-во ТПУ, 2007. – 64 с.*
4. *Косов Б.Б. Обобщенность содержания высшего профессионального образования как фактор его развития (лично-развивающее образование) // Вопросы психологии. – 1995. – № 6. – С. 9–20.*

5. Мартынова М.Д. Управление процессом профессионального и культурного становления студентов через институт кураторства // Университетское управление: практика и анализ. – 2004. – № 5–6.

6. Эффективная организация кураторской деятельности: учеб.-метод. пособ. / Т.П. Царатина, Т.А. Ульрих, И.В. Никулина. – Пермь: Изд-во Перм. гос. техн. ун-та, 2010. – 147 с.

\*\*\*

*В статье представлен опыт организации воспитательной работы со студентами Западно-Казахстанского государственного университета, также предлагается ознакомление с некоторыми теоретическими основами деятельности куратора вуза.*

*Методические материалы статьи адресованы преподавателям высших учебных заведений, кураторам студенческих академических групп.*

\*\*\*

*The article presents the experience in organization of educational work with students of West Kazakhstan State University, also introduction to some of theoretical basics of activities of a curator of an institute of higher education is offered.*

*Methodical materials of the article are addressed for attention of lecturers of institutes of higher education, curators of student academy groups.*

ӘОЖ 028.5

**Зейнетова Д.Б.**

*магистр, оқытушы, АқМПИ (Ақтөбе қ.)*

## **ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ**

Тіл арқылы ойымызды басқа біреуге жеткізуді сөйлеу деп атайды. Сөйлеу – пікір алысу процесінде жеке адамның белгілі тілді пайдалануы. Бір тілдің өзінде сөйлеудің сан алуан формалары болуы мүмкін. Сөйлеу жеке адамдардың арасындағы өзара түсінуді реттестіру үшін, пікір алысу үшін қызмет етеді. Сөйлеу процесі арқылы адам өзінің білімін, практикалық тәжірибесін байытып қана қоймай, сонымен қатар ғасырлар бойы жинақталған қоғамдық тәжірибені меңгеруге де мүмкіндік алады. Ойдың тілі - сөз. Бір сөз арқылы ғана неше түрлі ойымызды сыртқа білдіре аламыз [1].

Адамға тән сөйлеу әрекетінде екі сипат болуы шарт. Бұларсыз сөйлеу өзінің қызметін дұрыстап атқара алмайды. Мұның біріншісі – сөйлеудің мазмұндылығы, екіншісі – оның мәнерлігі делінеді. Сөйлейтін сөзде мазмұн болмаса, ол өзіндік мәнін жояды. Сөздің мазмұндылығы дегеніміз - екінші біреуге жеткізілетін ойдың айқындығы. Ойы саяз кісі бос сөзді болады, оның сөзі де айқын, таза болмайды.

Сөздің мәнерлігі дегеніміз – адамның сөйлеу кезіндегі эмоциялық қалпын білдіре алуы, яғни әрбір сөйлемді өзінің сазымен айта алуы. Халық жақсы сөйлейтін адамдарды «сөзі мірдің оғындай екен» дейді. Мәнерлі сөйлей білудің мұғалімдік мамандық үшін маңызы зор. А.С.Макаренко бұл жөнінде: «Балалар сіздің сөзіңізден өзіңіздің еркінізді, сіздің мәдениетіңізді, сіздің жеке ерекшелігіңізді сезіне алатындай болуы керек», - дейді.

Сөйлеу дегеніміз – тілді қатынас жасау процесінде өз ойын басқаларға білдіру, басқаның ойын білу мақсатында қолдану деген сөз. Сөйлеу тілдік материалдар арқылы болады және тілдік заң-ережелерге, тілдік нормаға бағынады. Тіл мен сөйлеу бір-бірінен ажырамас бірлікте. Тілсіз сөйлеу жоқ та, сөйлеу жоқ жерде тіл жоқ.